

ЦИТАТА ДНЯ

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,
ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «ҚТЖ»:

«Одна из инициатив программы «ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» НАПРАВЛЕНА НА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОПЕРАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ В ОБЛАСТИ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК, КОТОРОЕ ПЛАНИРУЕТСЯ ДОСТИЧЬ ЗА СЧЕТ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРЕВОЗОЧНЫМ ПРОЦЕССОМ, АВТОМАТИЗАЦИИ ЭТИХ ПРОЦЕССОВ, ВНЕДРЕНИЯ НОВОЙ МОДЕЛИ КОММЕРЧЕСКИХ ФУНКЦИЙ, УЛУЧШЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ И ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ КЛИЕНТОВ»

СОТРУДНИЧЕСТВО

ПЛАНЫ ДВУХ ДОРОГ

На 26% вырос объем перевозок между РК и КНР в 2019 году. Такие данные были озвучены 13-14 января текущего года, когда делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с первым заместителем председателя правления Канатом Альмагамбетовым и ООО «Урумчийская железная дорога» во главе с генеральным директором Гао Цзиньяном провели рабочее совещание на станциях Алтынколь и Хоргос.

Стороны подвели итоги работы пограничных железных дорог Казахстана и Китая за 2019 год, рассмотрели мероприятия по выполнению объемов перевозок на 2020 год.

– Благодаря слаженности и дружеским отношениям мы выполнили поставленные перед нами задачи, что является залогом дальнейшего укрепления сотрудничества наших железных дорог. Одним из основных показателей плодотворного сотрудничества является динамика роста объемов перевозок, – сказал Канат Альмагамбетов.

Отмечено, что за 2019 год объем перевозок между РК и КНР составил 17556 тысяч тонн, что на 26% больше, чем в 2018 году. В том числе из РК в КНР доставлено 10767 тысяч тонн, это на 27% выше показателя 2018 года, из КНР в РК – 6 789 тысяч, что на 24% превышает уровень предыдущего года.

При этом через пограничный переход Достык – Алашанькоу перевезено 13347 тысяч тонн груза (+18%), Алтынколь – Хоргос – 4209 тысяч тонн (+55%).

В ходе совещания представители железнодорожных администраций РК и КНР утвердили прогнозируемые объемы перевозок на 2020 год в размере 19 миллионов тонн грузов.

Достигнута договоренность о принятии конкретных мер по обеспечению беспрепятственного и ускоренного пропуска поездов через пограничные станции, наращиванию контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа через территорию Казахстана.

Также стороны договорились с середины февраля текущего года провести опытную перевозку железной руды с перестановкой колесных пар вагонов с широкой колеи на узкую назначением станция Урумчи в адрес Багамского металлургического комбината. Далее стороны решили осуществлять подобные перевозки на постоянной основе. Кроме того, стороны согласовали расписание движения грузовых и контейнерных поездов через погранпереходы Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос на 2020 год.

По итогам рабочего совещания подписаны соответствующий Протокол.

Асель ШАЙХЫНОВА

КӨКЕЙКЕСТІ



ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

Былтыр ҚР кейбір заңнамалық актілеріне теміржол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында сол өзгерістерді түсіндіруге арналған шара өтті.

Ұлан ОРАЗ

Жаңа заң тиімділігі туралы баспасөз конференциясына қатысқан ҚР ИИДМ Көлік комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Жұмаұлы және «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық бақылаушысы Шолпан Омарбекова және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті Теміржол көлігіндегі бақылау басқармасының басшысы Елдос Нестай айтып берді.

Жаңа құжат жолаушылар тасымалын

субсидиялаудың ашық жүйесін құруға, жүк жөнелтушілердің жасырын транзит схемаларын пайдалануын болдырмауға және кірме жолдар қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Атап айтқанда, жолаушылар қозғалысында локомотивтік тартқыштың жеке операторын құру арқылы жолаушылар тасымалдаушыларын мемлекеттік бюджеттен субсидиялау механизмі өзгертілді, ол бюджет қаражатын тікелей алушысы болады.

Бұл теміржол жолаушылар тасымалын

қолдауға мемлекеттік субсидиялар бөлу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді және барлық қатысты компаниялардың шығыстары мен кірістерінің ашық есебін жасайды.

Сондай-ақ, заңда жасырын транзит схемасы бойынша жүк тасымалдау мүмкіндіктерін алып тастау бойынша нормалар көзделген, бұл Қазақстан Республикасының Орталық Азия елдері арасындағы транзиттік оператор ретіндегі позициясын күшейтуге мүмкіндік береді. Түзетулердің жеке бөлігі кірме жолдар қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін бағытталған.

Осылайша, алдағы уақытта қызметтерді тұтынушылар кірме жолдар иелерінің заңсыз, үстем және монополистік әрекеттерінен заңнамалық деңгейде қорғалатын болады. Жалпы, заң теміржол тасымалы саласына жағымды әсер етіп, шағын және орта бизнесті дамытуға жаңа серпін береді.

АКТУАЛЬНО

В ШТАТНОМ РЕЖИМЕ

К середине января обильные снегопады, которыми ознаменовалось начало года в Казахстане, пошли на спад, однако уборка снега с территории станций и очистка перегонов не прекращалась ни на день. Только за минувшую неделю силами работников АО «НК «ҚТЖ» очищено свыше 6 тысяч километров пути и вывезено 35000 кубометров снега.

Любовь РОББА

Наибольшее количество осадков с 10 по 16 января, как водится, пришлось на северные регионы страны. Семейским отделением магистральной сети очищено 1644 километра пути, в том числе 1613 километров с помощью машин СДПМ и 31 – путевого СТРУГА, всего за неделю убрано 9000 кубометров снега.

7500 кубометров снега вывезли акмолинские

железнодорожники, в этом регионе с привлечением снегоочистительной техники снег очистили на более чем 1350 километрах пути. 1446 километров очистили в Костанайском отделении магистральной сети, самый большой объем – 5000 кубометров снега – там вывезли 10 января, в целом же убрано 6250 кубометров.

Актобинские железнодорожники с помощью машин СДПМ очистили около 811 километров и вывезли 6750 кубометров снега.

Здесь тоже не обошлось без привлечения спецтехники. 3740 кубометров убрано в Карагандинском регионе после очистки порядка 500 километров пути. Около 200 километров с помощью СДПМ очистили павлодарские железнодорожники, убрав 500 кубометров снега. К слову, столько же снега убрано по Алматы-скому отделению магистральной сети. 750 кубометров за неделю вывезли кызылординские железнодорожники.

В целом за этот период по стране очищено 6062,6 километра пути и убрано 35 тысяч кубометров снега. Осуществлено 133 выезда снегоочистительной и снегоуборочной техники. В ряде регионов привлекались работники второй очереди, всего 189 человек.

– Очистка железнодорожных путей велась в штатном круглосуточном режиме. Благодаря слаженным действиям монтеров пути и работников других железнодорожных предприятий все поезда следовали по графику, – отметил главный менеджер департамента пути и сооружений АО «НК «ҚТЖ» Даурен Кабас.

Продолжение темы на 3 стр.

ХАБАР-ОШАР

КОНВЕНЦИОНАЛЬНЫҚ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Жаңа жылдың 5 қаңтарынан бастап Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесі (ЦСЖТ) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның өтініші бойынша ҚР меншік иелерінің паркінен басқа, өзге теміржол әкімшіліктерінің бос жалға алынған және меншікті вагондарын қабылдауға конвенциялық тыйым салуды жариялады. Бұл мәжбүрлі және уақытша шара болып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстан темір жол желісінің станциялық жолдарында жүк тиеуге сұраныс болмай отырған 5200 вагонның қозғалысы тоқтатылған. Олар Шу – Мойынты – Қарағанды, Нұр-султан – Көкшетау, Нұр-султан – Павлодар, Мойынты – Сайқ – Ақтоғай сияқты учаскелердегі магистральдық және станциялық жолдарда тоқтап тұр. Айта кетерлігі, бұл учаскелер транзиттік және экспорттық-импорттық жүк ағынының өткізілуіне байланысты ең шиеленіскен телімдердің бірі болып отыр.

Қалыптасып отырған бұл жағдай «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіндегі пайдалану жұмыстарын қиындатып отыр, сондай-ақ магистральдық жолдардың өткізу қабілеттілігін төмендетеді. Сонымен қатар ауа-райы жағдайына байланысты жолда тұрған пойыздарды қар басып қалу қаупі бар, бұл өз кезегінде пойыздардың қауіпсіз өткізіліміне теріс әсер етуі мүмкін.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ мамандары конвенциялық тыйым салуды енгізу нәтижелерін беретінін айтып отыр. Басқа темір жол әкімшіліктерінің сұранысына ие емес жылжымалы құрам паркінің саны 3 мыңға жуық вагонға азайыпты. Жағдай жақсарған кезде басқа темір жол әкімшіліктерінің бос меншікті және жалға алынған вагондарын қабылдауға конвенциялық тыйым алынатын тасталады екен.

Сонымен қатар жүк жөнелтушіден өтінім және бекітілген айлық тасымалдау жоспары болған кезде «өтен» вагондарды қабылдауға белгіленген тәртіппен рұқсат етілмек.

Жалпы Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің Ережесі шеңберіндегі конвенциялық тыйым салулар тиісті теміржол әкімшіліктерінің шешімімен белгіленеді. Егер 2020 жылдың 10 қаңтарындағы жағдайды алып қарайтын болсақ, ЦСЖТ Дирекциясы тарапынан жарияланған бүгінде 116 түрлі типтегі конвенциялық тыйым салулар қолданыста жүр.

Ислам ТАЛГАТ

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

70 ТЫСЯЧ

КУБОМЕТРОВ СНЕГА
УБРАЛИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ
С ПУТЕЙ С НАЧАЛА 2020 ГОДА

ЖАҢА ЖОБА

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС: ІШКІ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

«Қазақстан темір жолы» компаниясы жемқорлықпен күрес шараларына ішкі бақылауды күшейте түсті. Былтыр қоғам тарапынан салмағы басым бірнеше кешенді жобаның жүзеге асырыла бастауы – осының айғағы. Сондай жұмыстардың бірі – бұрын тек «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты болып, пойыздарға тексеру жүргізіп келген ревизорлар құрамы енді тікелей бас ұлттық компанияның құзіретіне өтуі дер едік.

Райхан РАХМЕТОВА

Компанияның көпфункционалды қызмет көрсету орталығы штатына кіретін бұл жаңа мамандар – жолаушылар пойыздарына мобильді мониторинг қызметінің инспекциялық жұмыс бойынша бас менеджерлері деп аталады. Олардың саны – 24 адам. Оның ішінде көп жылдық тәжірибесі бар бұрынғы теміржолшылар да, арнайы сынақтар арқылы жұмысқа алынған өзге құрылымдардан келген қызметкерлер де бар. Қазақстан бойынша шалғай темір жол телімдеріне дейін барып, «Жолаушылар тасымалы» АҚ құрамына кіретін жолаушылар пойыздарын жан-



жақты, атап айтқанда, билетсіз жолаушыларды, құжаттары дұрыс рәсімделмеген жүктерді анықтау

және пойыздың ішкі-сыртқы техникалық, антисанитариялық жағдайын пойыз бригадасына

хабарламай, аяқасты келіп тексеруге олар екі-екіден бөлінеді. Сондықтан жұмыстары негізінен апталар жол үстінде өтеді. Бұл жаңа қызметке олар өткен 2019 жылдың тамыз айынан бастап кірісті. Солардың бірі Асылхан Өмірсерік өз қызметінің бұрынғы ревизорлардан айырмашылығын толығырақ айтып берді.

– Жалпы мақсат – желі ішінде қандай да бір жемқорлыққа жол бермеу арқылы жолаушылар пойыздарындағы қызмет сапасын жақсарту. Сол үшін жасақталған инспекторлар әр сапарға әр түрлі құраммен араластырылып жіберіледі. Және бізге тура пойыз жүрер уақыты таяғанға дейін қай бағытта, қай пойызға отыратынымыз ешқашан айтылмайды. Тексеретін пойыздарымыздың кестесі тура жол жүрерде ғана қолымызға тиеді. Сонымен қатар еліміздің батыс бөлігіне бүгін бірге барған екінші әріптесім келесі жолы шығысқа барғанда ермей, басқа инспектор бөлінеді. Қолымызға кесте беріліп, неше бағдар, неше пойыз, қай құрам екені көрсетіледі. Жолсеріктерге

пойызды тексеруге рұқсат етілген бұйрықты көрсеткен сәт, құрам қозғала салысымен тексеруді бастап кетеміз. Көрген кемшілікті бүтін қалу, тығып қалу дегенге жол берілмейді. Бәрін арнайы рейстік журналға тіркеп, бір данасын пойыз бригадасына қалдырамыз. Екінші данасын басшылыққа жеткіземіз. Инспекторлар пойыз бригадасының бірде-бір кемшілігін жасырып қала алмайды, себебі сол пойызды бізден кейін тексеруге келген басқа инспектор әріптестеріміз дәл сол кемшілікті көріп, өз журналына тіркесе, бұл біздің қызметтегі адалдығымызға сын болады. Жалпы инспекторлар жұмысының өзі ешбір жемқорлық әрекеттерге ерік бермей, тек бар көргенінді бұлтартпай жеткізуге негіздеде отырып құрастырылған. Пойыздарды ҚР Инвестиция және даму министрінің 2019 жылдың 2 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген Темір жол көлігінде багаж және жүк багаждарын, жолаушыларды тасымалдау ережесін сай тексереміз, – дейді бас менеджер.

Жалғасы 2-бетте

ЖАҢАЛЫҚТАР

АҚТАУДА АҚАУЛЫ ВАГОНДАР КӨБЕЙГЕН

Өткен жылы 23 желтоқсанда басталған «Бүйірлік рамаларға бақылау» айлығы аясында Маңғыстауда вагондардың бүйірлік рамаларына қадағалау бұрыңғыдан да күшейтілген. Соның нәтижесінде вагон қараушылар түбекке келіп жеткен вагондардың бүйір рамаларының түрлі ақаулықтарды анықтап жатыр.



Ақаудың дер кезінде табылғаны, әрине, жақсы. Дегенмен неге мұндай жайттар жиілеп кетті, осы мәселе ойлантанды? Жуырда Маңғыстау вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктіннің вагон қараушы-жөндеушісі Жанарбек Якупова күндізгі жұмыс ауысымында №4 жолда №3601 тақ пойызға техникалық қызмет көрсету барысында №68010404 (28) бүйір рамасының жарылғанын анықтады. Сондай-ақ ол №6 жолда тұрған №2108 жүк пойызында өз міндетін атқару кезінде №95402103 жүріс бағытынан оң жағынан екінші арбашық, үшінші жұп доңғалағының бұкс торабының 15 мм жылжығанын да көреді. Яғни ешқандай қызбаған, салқын күйінде осындай жағдай болған. Егер қызып кеткен күйде болғанында КТС-тен өту кезінде кемшілікті құрылғы көрсетуі әбден мүмкін еді. Бұл да 4 қаңтар күні кездескен жағдай. Сонымен қатар осы күні №4 жолда №3601 тақ пойызға техникалық қызмет көрсету кезінде вагон қараушы-жөндеуші Берік Дүйсенбаев №68171503 вагонның жүріс бағытынан сол жағынан, бүйір рамасындағы «Б» аймағынан тереңдігі 25 мм ақаулықты анықтады. ТҚКП-нің тағы бір вагон қараушысы Есет Камалов 6 қаңтар күні түнгі жұмыс ауысымында «Барда» паромынан түсірілген вагоннан да кемшілік тапты. Ол түсірілген вагондарға қызмет көрсетіп, қабылдау барысында №65315483 жүріс бағытынан, сол жағы бүйір рамасындағы «Б» аймағынан диаметрі 10 мм саңылау тапты.

– Барлық ақаулықтар комиссия шешімімен расталып, вагон қараушылар қозғалыс қауіпсіздігінің алдын алғаны үшін марапатқа ұсынылды. Төрт вагон да Грузиянікі. Бізге Құрық порты арқылы Батумидан келіп тұр. Жүк вагондарының баратын жері Ақтау портына бағытталған. Соңғы депюлық жөндеуден өткеніне бір жыл толмаған. Яғни, депюлық кепілдік мерзімі бітпеген. Негізінде мұндай мерзімде аталғандай ақаулар шықпауы тиіс. Демек Грузиядағы ВЧД Батуми, басқа да орындарда жасаған депюлық жөндеуде сапасыз қызмет көрсетілген деген сөз, – дейді Маңғыстау вагондарға техникалық қызмет көрсету бөлімінің бастығы Ерболат Саулбаев.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ДАҢҚТЫ ДЕПОНЫҢ БҮГІНІ



Арыс вагон пайдалану депосының жүз он жылдан асқан шежірелі тарихы бар. Қазақ темір жолындағы ең көне депоның бірі. Орынбор – Ташкент темір-жолы ашылуымен байланысты өңірде вагондарға қызмет көрсететін шеберхана ретінде құрылған мекеме ауқымы кеңейе келе іргелі кәсіпорын, даңқты депоға айналды.

Бүгінде Арыс вагон депосында 600-ден астам адам еңбек етеді. Қарамағында 5 техникалық қызмет көрсету пункті (ТҚКП) мен 1 мемлекетаралық тапсыру станциялары мен шекаралық бақылау пункттеріндегі техникалық қызмет көрсету пункті, 1 техникалық қызмет көрсету пунктін бақылау және 12 бақылау бекеті бар. Депоның филиалы саналатын 5 қызмет көрсету иін учаскелері Түркістан, Сарыағаш, Түлкібас және Шымкент станцияларында орналасқан, ұзақтығы 759 шақырымды құрайды, кепілді телім – 2988 шақырым.

Өткен жылды жақсы көрсеткіштермен қорытындылаған депо ұжымы 6 млн жуық вагонға техникалық қызмет көрсетті. Вагон қараушылардың кәсібилігі мен қырағалығының арқасында 15 мыңнан астам вагоннан түрлі техникалық ақаулар анықталып, ағымдағы жөндеуге жіберілген. Осылайша қаншама техникалық апаттардың алды алынып, қозғалыс қауіпсіздігі сақталып келеді. «Депоның міндеті – вагондарға сервистік қызмет көрсету, сапалы жөндеуді және жөндеуге тұру уақытын азайту. Сонымен қатар, ақауы бар вагондарды дер кезінде анықтау да біздің басты міндетіміз», – дейді Арыс вагон пайдалану депосының басшысы Бақыржан Наушабеков Амангелдіұлы.

Арыс вагон пайдалану депосында «Ең үздік маман», «Ең үздік вагон тексеруші» және Арыс локомотив пайдалану депосымен бірге «Текешіні» конференциясы тұрақты түрде өткізіліп тұруы дәстүрге айналған. Бұл шаралардың жұмысшылар арасында бәсекелестікті арттырып қана қоймай, кәсіби өсулеріне ықпалы зор екен. Ғасырлық депоны нағыз шеберлер ұстаханасы десе де болады. Жаңабай Танкеев, Алсаттар Сағындықов, Жүзбай Бисенбаев, Мұсафар Айымбетов Рахымжан Аширов, Лесбек Шауманов сынды Құрметті теміржолшылардың қай-қайсысы да осы депода өсіп шыққан кәсіби мамандар. Бүгінгі таңда өндірістік қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін Иван Пудов, Тұрарбек Әліпбаев, Полат Сапарбаев, Әмзе Жүнісов, Жамбыл Ержанов, Қыдырқожа Әбдідаев, Петр Жақсыбаев, Қаржау Кенжебаев, Бауыржан Сауранбаев, Нұрхан Сыздықов, Амантай Мырзахметов, Кемпірбай Қаныбеков, Әбдіғалпай Анипиев, Жаңбырбай Ибрагимов, Тайырбек Әуесханов, Әбдірасіл Хабибулин, Оңғарбай Бадаев, Евгений Артемов, Темірхан Бижанов, Бабахан Әбдірахманов, Бегалы Нұрмаханбетов, Рустем Жұмабай, Бегалы Әмірбеков, Шалқарбай Базарбаев, Тұрсынғұл Идирисова сынды вагоншылар да түрлі марапаттарға ие болып, аға буынның даңқты еңбек жолын лайықты жалғастырып отыр.

Жаная СЫДЫҚБАЙ, Арыс Суретті түсірген автор

ЖАҢА ЖОБА

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС: ІШКІ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

(Соңы. Басы 1 бетте.)

Кезекті сапары Нұр-Сұлтан-Қарағанды бағытында 4 жолаушылар пойызын тексеруге бағытталған Асылхан Өмірсерік пен оның әріптесі Ғалымжан Шалғымбаевпен бірге журналистер тобы да еріп жүріп, жаңа инспекторлардың бір күндік жұмысына куә болдық. Таңертең елорда вокзалына келіп тоқтаған №86 Павлодар – Сарыағаш пойызына отырып, Қарағанды бағытына бет алдық. Пойыз бригадирінің күпесіне кіріп, инспекторлар алдымен рапорт кестесі журналына пойызға отырған күн мен пойыз нөмірін, тексеруді бастаған және аяқтаған уақытын жазды. Сонымен қатар пойыз құрамы неше вагоннан тұратыны және одан анықталған барлық кемшіліктер, пойыз бастығының аты-жөні толтырылады. Көшірмесін өзімен алып кетеді. Актіге сондай-ақ тексеруші инспекторлар есімі тіркеледі. Одан әрі олар пойыз бастығы және электр механигімен бірге құрамды тексеруді бастайды. Осы ретпен аталған пойызды Сарыбел станциясына дейін тексерген инспекторлар 21 вагоннан тұратын пойыздан билетсіз жолаушы тапса да, бірқатар техникалық кемшілікті анықтады.

– Құрам ратификацияланған, локомотив бригадасымен арада байланыс жақсы орнатылған. Пойыз жуу құралдарымен жабықталған. Бағдар парағына сәйкес пойызды 22 жолсерік бар, жол үстінде пойызды 4 арнайы қызметкер жуып, таза-

лайды. Жұмыс формалары толық. Алайда құрамда 1 дәретхана және вагон аралық есіктердің біреуі жұмыс істемейді. Төсек орындар сапасы бойынша дұрыс үлгітелмеген жаймалар анықталды. Осындай кемшіліктердің бәрін рейстік журналға тіркейміз. Бұдан басқа кемшіліктердің бәрін есебін жасап, бастылығымызға жібереміз. Осы кемшіліктердің тарихын келесі келгенде біздің әріптестеріміз қарап, олардың жөндеу-жөндеуменгінен біледі. Кейбір кемшіліктерді, ақауларды электрмеханигі дереу жөндей алатындай болса, сол сәтте ретке келтіреді. Сонымен қатар жолаушылар шағымына да құлақ түрміз. Бұл пойызда билетсіз жолаушылар жоқ. Оларды түрлі жолмен тексеруге болады. Әрбір жолсерікте отырғызу талоны тіркелген кассалық папка болады, соны салыстыра тексеру арқылы анықтаймыз, – дейді Асылхан Өмірсерік.

Бір айта кететіні, бұл пойыздар одан әрі Алматы, Жамбыл, Шымкент темір жолдарына өткен кезде сол жаққа бөлінген инспекторлар кестеге сәйкес келіп жатса тағы да осындай тексеру жүргізуі мүмкін. Осы пойыз бастығының міндетін атқарушы Мерей Әпселемовтің айтуынша, мұндай рейдтер «Жолаушылар тасымалы» АҚ бойынша бұрыннан жүргізіледі. Бірақ бұл жолы инспекторлар тексеруі барынша қатаңдатылғанын айтады.

Бірнеше сағаттан соң Сарыбел станциясында бұл пойыздан түсіп қалып, әрі қарай мінетін №46



Омбы-Қарағанды пойызы келгенше инспекторлар осы станция вокзалының ішкі-сыртқы қауіпсіздік деңгейі мен касса жұмысын тексерді. Ал өз уақытында келген келесі пойызды тексеру барысында құрамның санитарлық-техникалық жағдайына қанағаттанарлық деген баға берілді және билетсіз жолаушы табылмады. Бұл пойыздан Мырза станциясынан түсіп, Нұр-Сұлтан станциясынан Қарағандыға бағыт алған электр пойызына отырдық. Құрамның бір вагоннан бір билетсіз жолаушы анықталды. Одан әрі Қарағандыдан келген бағытымызға қарай Сарыағаш-Павлодар пойызына отырдық. Инспекторлардың рейдтік тексеру жұмыстары мұнда да жалғасын тапты. Жалпы, бірлескен іссапар барысында инспекторлардың тосын тексерулері олардың көргенін көргендей актіге толтырып, ешбір жалғандыққа, көз жұма қараушылыққа жол бермеулеріне негізделгеніне көз жеткіздік. Осы бағытта жұмыс жалғасын таба берсе, жаңа жоба өз нәтижесін беріп, жолаушылар тасымалы қызметіндегі осал тұстар айқындалып, сала жұмысы жандана түсері сөзсіз.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТӘЖІРИБЕ

ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫН ҰСЫНАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да теміржол жүк тасымалы саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және жүк тасымалы процесіне қатысушыларға тең жағдай жасау жөніндегі жұмыс тобы құрылған. Оның құрамына «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының, ірі жүк жөнелтушілер мен жеке тасымалдаушылардың өкілдері кірген.

Нұрбек БЕКЕН

Бұл жұмыс тобы ұлттық тасымалдаушының мәртебесін, жеке жүк тасымалдаушылардың құзыретін, магистральдық теміржол желісіне және жеке жүк тасымалдаушылардың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізу тетігін және басқа да мәселелерді анықтау жөніндегі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша құжаттардың жобаларын әзірледі. Сондай-ақ, тасымалдаушылардың қозғалыс қауіпсіздігі, қозғалыс кестесін бұзу, жеткізу мерзімдері мен стандарттары емес жағдайларда әрекет ету мәселелері бойынша жауапкершілігі пысықталатын болады. Сонымен қатар кірме жолдарға вагондарды беруді және жинауды іске асыратын, жеке локомотивтердің

инфрақұрылымға қол жеткізуі бойынша тәртібі әзірленбек.

Мемлекеттік органдармен нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша шешім қабылдауы үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде жұмыс тобы құрылады, ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыс тобы әзірлеген жобаларды қарастыратын болады.

Айта кетсек, өткен жылдың соңында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ делегациясы Литва темір жолының реформалау үдерістерін және жеке тасымалдаушылардың инфрақұрылымға қол жеткізуді зерттеу мақсатында Вильнюс қаласына барып қайтты. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басқарма төрағасы – бас директор Қайрат Сәуірбаев Литва теміржолының теміржол тасымалы нарығының

европалық үлгісі бойынша дамып жатқанын атап өтті. Литвада теміржол көлігін реформалау ЕО-ның директивті принциптеріне сәйкес жүзеге асырылуда екен. Ұлттық жүк тасымалдаушы транзиттік тасымалдарды жүргізеді. Бұл құқық заңмен бекітілген. Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап инфрақұрылым операторы жұмыс істей бастаған ол барлық тасымалдаушылардың инфрақұрылымға қолжетімділігінің тең шарттарының сақталуын қадағалайды. Инфрақұрылым операторы сенімді қауіпсіздік жүйесін дербес құруға қабілетсіз компаниялардан тасымалдау нарығын шектеу үшін қауіпсіздік сертификатын алуға арналған негізгі талаптарды айқындап отыр. Барлық үш компания бір холдинг құрамында, онда тасымалдау үдерісіне қатысушыларға ақыл түрде қызмет көрсететін барлық IT-жүйелер шоғырландырылған. Осы жерде инфрақұрылым операторының негізгі функцияларына келетін болсақ, олар: магистральдық теміржол күтімін жасау, пойыздар қозғалысы мен өткізілімі бойынша қызметтер көрсету, соның ішінде станцияларда маневрлік жұмыстар мен пойыздар қозғалысын диспетчерлік реттеу, сондай-ақ жеке тасымалдаушылармен маневрлік жұмыстарды жүзеге асыру үшін станциялық инфрақұрылымды ұсыну

бойынша қызметтер екен.

Тасымалдаушылардың инфрақұрылымға қолжетімділігі пойыздардың келіп кету уақыттарының нақты сақталуын талап ететін, бекітілген кестеге сай жүзеге асырылады. Ал тасымалдау қызметін іске асыруға лицензия алу үшін ЕО кеңістігінде талап бәріне біреу. Сонымен қатар Литвада кесте тармақтарын сағып алған кезде жеке тасымалдаушы пойыздық-км өлшенетін инфрақұрылымды пайдаланудың айлық көлемінің 30 пайызы мөлшерінде қайтарылмайтын алдын ала төлем жүргізеді. Сондай-ақ, жеке тасымалдаушылар вагондар мен локомотивтердің станциядағы және жол бойындағы күтіміне, жөндеуге және техникалық дайындығына жауапты. Олар диспетчерлердің басшылығымен станция мен магистральдағы жылжымалы құрамды реттеп, кірме және станциялық жолдарда маневрлік жұмыстарды жүзеге асырады, қала берді пойыздарды жасақтап, жөнелтуге дайындайды. Және де құжаттарды дайындауды, вагондардың техникалық жай-күйін бақылауды, жүк тиелімін және тексеруін дербес жүргізеді.

Сарапшы атап өткендей, қазақстандық заңнама нарықта жеке жүк тасымалдаушылардың пайда болуын шектемейді, сондай-ақ магистральдық темір жол желісіне қол жеткізу бойынша да ешқандай шектеулер жоқ. Алайда, жүк тасымалдау саласы бірыңғай кешенді тәсілді талап етеді. Басты міндет – нарық жағдайында жүк жөнелтушілерге бәсекелес таңдауын ұсыну.

ҚОРЫТЫНДЫ

ТАСЫМАЛ ТАБЫСТЫ БОЛДЫ



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі өткен жылды табысты аяқтады дегуге болады. Тасымал тасқыны жыл бойына толассыз жүріп, барлық көрсеткіштер жоспарға сай орындалып отырды. Нәтижесінде жылдық жоспар белгіленген межеден жоғары болды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,

Атырау

Өткен жылда директорлар кеңесі жоспары бойынша пайдаланым жүк айналымы 9735 млн. т-кмнетто болып, жоспар 102,1%-ті, жүк тиеуі 10721,6 мың тонна болып, жоспар 105,2%-ті құрады. Жұмыс вагоны айналымы 104, жүк вагонының өнімділігі 102,8, вагонның тәуліктік орташа жүрісі 101,5, вагонның статистикалық салмағы 100,9, жүк вагонының динамикалық салмағы 100,5, пойыздың орташа салмағы 100,2, локомотив өнімділігі 100,5, локомотив жүрісі 101,1, пойыздар қозғалысының учаскелік жылдамдығы 100,8, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы 100,3, бір жүк операциясына вагондардың тұруы 107,6 процентке орындалған. Жалпы ДК жоспары бойынша 15 пайдаланым көрсеткіші жоспардан артық орындалған. Межеге жетпей қалғаны – бір техникалық станцияның

вагон тұруының орташа ұзақтығы (99,2%), ол 0,04 сағатқа артқан. Оның себебі, тасталған пойыздардың тұру сағаты артқан (Теңдік станциясына бағытталған транзитті өңделмеген, бос вагондар). Өткен жылдың 12 айында бөлімше учаскелерінде барлығы 3878 вагон (48 пойыз) 188443 вагон/сағатқа тасталған, оның ішінде орташа тұру 47,8 сағатты құрады. Оның себебі Теңдік станциясымен жалғасын «РТИ-АНПЗ» ЖШС-ның кірме жолдары бос емес болғандығынан.

Сағыз станциясында да өңделмеген транзитті вагондардың тұрып қалуы көрсеткішке әсер етті. Сағыз бойынша станция жолдарында 3987 вагон (41 пойыз) 19758 вагон/сағатқа тұрып қалған, орташа тұруы 5 сағат. Оның ішінде пойыз диспетчерлерінің вагондарды реттеуін және локомотивтің жоқтығынан 3099 вагон (27 пойыз) 15666 вагон/сағатқа, 888 вагон (14 пойыз) 4092 вагон/сағатқа Мұқыр-Жантөрек, Сағыз-236 рзд аралығында жол жөндеу жұмыстарының

жасалауынан тұрып қалған. Оның үстіне станциялық маневрлік локомотивтің жоқтығынан жергілікті вагондарды тіркеу-ажырату жұмыстары транзит пойыздардың локомотивтерімен жүзеге асырылады.

Ал техникалық жоспарға сай негізгі 14 көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалған. Яғни, пайдаланым жүк айналымы жоспардағы 9468 орнына 9735 млн. т-кмнетто болып, 100,7%-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 10721,6 мың тонна болып, орындауы 102,8 процент болды. Пайдаланым жүк айналымымен қоса, жұмыс вагонының айналымы 100, жергілікті вагон айналымы 100, вагонның статистикалық салмағы 101,4%, тиелген вагонның динамикалық салмағы 100,4, вагонның статистикалық салмағы 101,3%, локомотив өнімділігі 101,4, локомотив жүрісі 101, пойыздар қозғалысының учаскелік жылдамдығы 100,4, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы 100,3, вагонның бір жүк операциясына тұруы 102,4, вагондардың бір техникалық станцияда тұруы 100, бос вагонның тиелген вагондарға шаққандағы проценті 101,5, жүк пойызының орташа салмағы 3945 тоннбрутто, яғни 100,4%, болып, аймақта жүк тасымалы көлемінің жоғарылағанын көрсетті. Аталған көрсеткіштерден өңірде тасымал тасқыны ойдағыдай болғанын байқауға болады. Техникалық жоспарға вагонның орташа тәуліктік жүрісі (98,8%) мен жүк вагонының өнімділігі (99,7%) сәл төмен болды.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Темірхан Аманқұловтың айтуынша, жүк вагонының өнімділігі 30 т-кмнеттоға азайған. Себебі тиелген вагондар жүрісінің азаюы, вагондар жұмыс паркінің 1 процентке артуы, бос вагондардың көбеюі әсер еткен. Ал вагондардың орташа тәуліктік жүрісі тасымал қашықтығының қысқаруынан 3,6 км кеміген. Вагон жүгін баяу түсіру, кірме жолдардың алыстығы, локомотивтерді күтіп қалу, жүк түсіретін алқатпаш бос болмауы, кедендік рәсімдерді күту, құжат айналымы, келісім-шарт жасақтау сынды себептер де белгілі бір дәрежеде тасымалға әсер етеді.

Дей тұрғанмен, бөлімше бойынша өткен жылы мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру үшін Атырау-Астрахань, Атырау-Ақтөбе бағыттары бойынша жол-құрылыс жұмыстарына инертті және құрылыс жүктерінің аса көп көлемде келуі жергілікті вагондар саны мен түсірілетін жүк көлемін арттырды. Жаманорда 4430 вагон, Сағызда – 3564, Қарабатанда – 1373, Махамбетте – 5464, Ганюшковода – 4570, Ақжайықта – 2915, Атырау станциясында 767 вагон жүк түсірілді. Жүктердің көптеп келуі өңірдегі тасымал тасқынының артуына себепші болғаны рет.

Суретті түсірген автор

КӘСІБИ – НӘСІБИ

ӨНЕРТАПҚЫШ ТЕМІРЖОЛШЫ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының Жалағаш станциясындағы СОБ электромеханигі болып жұмысқа қабылданған күннен бастап Нұрлан Жәнібеков алдына мақсат қойды. Және осы жылдар ішінде сол мақсатына қол жеткізді.



Сабырхан СЕЙІТБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Алматы теміржол институтын 1986 жылы тәмамдап кәсіби маман атанғанда ол алған білімін тәжірибеде шыңдап өз ісінің кәсіби маманы болуды көздеген еді. Нұрлан Мирамұлы сенім тобының СОБ учаскесінің инженері, КИП ДЦ цехының аға электромеханигі, Қызылорда электромонтаж пойызы техникалық бөлімінің басшысы қызметінде өзін тек жақсы қырынан танытып, басшылықтың сеніміне ие болды. Бірнеше жылдан соң дистанцияның орталық және диспетчерлік бақылау постының аға электромеханигі болып асып күні бүгінге дейін қызметін жалғастырып келеді.

Жосалы мен Түркістан станциялары арасындағы телемеханикалық және автоматты байланыс құрылғыларының жұмысын қадағалау, оларға жасалатын техникалық күтім және жөндеу жұмыстарының орындалуын бақылау және жұмыстан тыс қалған байланыс құрылғыларын жөндеп, техникалық күтім жасап қайта жұмыс жасауын бақылап отыру – Нұрланның күнделікті атқаратын кәсіби жұмысы. Сонымен қатар ол қарамағындағы диспетчерлік басқарудағы ауысым электромеханиктерінің жұмысын үйлестіріп

бақылап отырады. Ол жұмыс жасайтын цехтың жұмыс өнімділігі 101,3 пайызды құрап отыр, демек жүктелген міндеттемелердің барлығы артығымен орындалуда деген сөз.

– Нұрлан Жәнібеков дистанциядағы өз жұмысын жақсы жүргізумен қатар өзге өңірлердегі әріптестеріне техникалық көмек беруге де үлгере біледі. Мәселен, 2008 жылы байланыс құрылғыларын нормативтік жоспарға сай жетілдіріп дамыту мақсатында дистанцияның 26-бекетінде МПЦ «Диалог» жаңа құрылғысын қосуға атсалысты. Биыл Заңиета белгі беру және байланыс дистанциясында дәл осы МПЦ «Диалог» құрылғысын іске қосуға үлес қосып келді, – дейді Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Әкімжан Қосанов.

Нұрлан сонымен қатар Түркіменстан-Болашақ жаңа тәлімінің Ақжайығында, Астана сұрыптау дөңесінің реконструкцияланды кезінде байланыс құрылғыларының орнатылып іске қосылуына,

Илецк станциясында ЭО постын өрттен кейін қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан екен. Өрине мұның барлығы кәсіби маманның жұмысына жауапты, ісін тындырымды жүргізіп, жауапкершілікті толық сезіне білетін теміржолшы екенін айғақтаса керек.

– Аймақ теміржолшылары арасында өздерінің кәсіби жауапкершіліктеріне қоса рационализаторлық жұмысты өрістетіп, оны өндірісте үйлестіріп жүрген бірнеше өнертапқыш бар. Солардың ішінде Нұрлан Мирамұлының шоқтығы биік. Ол әр жыл сайын бірнеше рет рационализаторлық жаңа туындылар ұсынып келеді. Биылғы жылдың өзінде «Ktzhdci 1.0 бағдарламасын іске қосу», «ДИМ-1-RWD типті микроэлектронды импульсті датчикті алып тастау», «Бағдарламалық тасымалдауға арналған контейнер», теміржол өткелдерінде РГА трансформаторын қосымша қосу», «БС-ДА өлшегішінің 1.1А блогы релесінің уақытша параметрлерін өлшеу» секілді бес өнертапқыштық ұсыныс енгізді. Ал 2010 жылдан бері 24 рационализаторлық ұсыныс жасап әріптестеріне үлгі көрсетіп келеді, – деді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі ғылыми-техникалық талдау және анализ орталығының басшысы Сарқыт Шақманова.

Дистанциядағы байланыс құрылғыларының кейбірі жөндеуді қажет ететіндіктен ескіні жамап-жасқап пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауға барынша дайындық жасайтын теміржолшылар арасында өнертапқыштық кең өріс алған. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де жаңа құрылғы жасауға тосыннан келмегені, ескіні жаңартып жұмыс жасау қажеттілігі туындағанда өзінің де өнертапқыш атанғанын айтады.

– Дистанцияда қолданыстағы байланыс құрылғыларының арасында тым ескілері де бар. Осы құрылғыларды жаңарту мақсатында өзімізге жүктелген жұмыстардың сапалы орындалуы үшін, құрылғылардың жұмыстан тыс қалмауы үшін іздендік, рационализаторлық ұсыныстар жасадық. Құрылғыларды жөндеу, техникалық күтім жасау, учаскелердің жұмысын жеңілдету үшін оларды тексеретін жаңа стендтер жасап, оларды өндірісте қолданысқа енгізіп, жұмысымызды жеңілдетудеміз және осылайша жаңалықтар ашудамыз, – дейді өнертапқыш теміржолшы.

Суретті түсірген автор

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКІҢ КЕЛСЕ – ӨЗІҢНЕН БАСТА

Маңғыстаулық жас теміржолшыларға Жастар жылы жемісті болды. Олар өз жетістіктерімен түбек теміржолшыларының атын жақсы жағынан шығарды.



Шахизат САРИНА,
Маңғыстау

Өткен жылдың соңғы айында өткен дәстүрлі республикалық Жастар форумынан да түбек жастары олжалы оралды. ҚТЖ КВН лигасында өзгелерден өнерімен озып, бірінші орынды иемденді. Маңғыстауға КВН кубогын алып келді. Сондай-ақ бес адам «Жүз есім» жобасы бойынша жеңімпаз атанып, компания жастарының жас үздік жүздігінің қатарына енді. Олар: Шетпе станциясында пойыз

құрастырушы Руслан Сақтағанов, Құрық порты станциясында пойыз құрастырушы Бляз Тұрмағанбетов, Маңғыстау РЦО жетекші маманы Мөлдір Қуаныш, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде пойыз диспетчері Серік Ізімбергенов, Маңғыстау вагон пайдалану депосында вагон қараушы Қуатбек Көпбаев.

Маңғыстау теміржолшы жастарының ұйытқы болуымен Жаңа жыл мейрамы мен оқушылар каникулы да қызықты шараларға толы болды. Олар жылда қамқөңіл

жандарға қуаныш сыйлауды дәстүрге айналдырған. Биыл осымен қатарынан үшінші жыл бұл бастаманы жалғастыруда. Отбасынан, ортасынан алыс, жақындарының жылыуынан жырақта өмір сүріп жатқан жандарға жан жылулығын сезіндіріп, мерекелік көңіл күйге бөледі. Бұрын бастаманы өздері ғана жүзеге асырып жүрсе, енді өңіріміздің түрлі саладағы өзге де өнерлі, жүрегі кең жастары олармен бірге. Жаңа жыл мерекесі күндері барлығы бірлесе Ақтау қаласындағы №3 мүмкіндігі

шектеулі балалар үйіне барып, тәрбиеленушілерге жанажылдық кеш сыйлады. Аяз Ата, Ақшақар болып қаракездермен би билеп, балалардың өнерлерін көріп, сыйлық үлестірді.

– Біздің ұстанымымыз: «Әлемді өзгертің келсе, алдымен өзіңнен баста». Осы мақсатта біз бір-бірімізге үлгі көрсетіп, жақсылық жасаудан жарысуымыз керек деп мақсат қойдық. Ниет болса, сәл нәрсемен-ақ біреудің көңілін табуға болады. Сол үшін біз «Маңғыстау.кз» ойыншылары, «Жүз жас есім» жобасының жеңімпаздары мен өзге де әріптестеріміз жабырқаулық жандардың жүрегіне шуақ шашып, өмірі дертпен алысумен өтіп жатқан балалардың қуанышы мен күлкісін көріп, түрлі себеппен қарилар үйінің тұрғындарына айналып аға-әжелеріміздің бір сәт жадыраған жүзін көріп, өзімізді бақытты сезінеміз, – дейді шараны ұйымдастырушылардың бірі, Маңғыстау вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Қуатбек Көпбаев.

Суретті түсірген автор

СПОРТ



ВТОРОЙ ТУР ЧЕМПИОНАТА

В Усть-Каменогорске состоялось личное и командное первенство по бильярду между командами железнодорожников, представители которых сражались между собой в турнире, прошедшего в середине декабря.

– В этом первенстве участвовали команды АО «Досжан темір жолы» и станции Новоустькаменогорск, – рассказал инструктор по спорту ФСК «Локомотив» Олег Кушкуннов. – В командном турнире первое место заняли бильярдисты АО «ДТЖ». На втором месте – команда станции Новоустькаменогорск. В личном первенстве лидером стал Азамат Мусалдаев, второе место занял Канат Кабыжаев, третье – Аян Сериков. Все являются работниками АО «Досжан темір жолы»

– Участвовать в таких турнирах очень интересно, – рассказал Аян Сериков. – Подобные мероприятия поднимают корпоративный дух, они прекрасно организованы, здорово участвовать в них, соревноваться со своими коллегами.

В предыдущем турнире по бильярду, который прошел в середине декабря прошлого года, победили представители станции Новоустькаменогорск, Усть-Каменогорского вагоноремонтного депо, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск
Фото Ольга КУШКУНОВА

ПАМЯТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКА

На базе средней школы №12 города Кокшетау прошел турнир по настольному теннису, посвященный памяти Рамазана Айгайбекова.

В турнире приняли участие команды железнодорожного узла Акмолинской области. Соревноваться было непросто, ведь все участники настроились исключительно на победу. Опыта у каждого из них предостаточно. Призом турнира стали наручные часы швейцарского бренда KERBEZ, которые вручил председатель филиала «Казпрофтранс» – «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Еркем Тулегенов.

Победу одержала команда из Атбасара, второе место заняла команда из Борового и почетное третье место команда ДС Кокшетау. В личном первенстве победителем стал Султан Кужантаев, Бейбут Молдиоров занял второе место, а третье присуждено Сергею Дурасову.

Надежда НОВИЦКАЯ
Фото автора



АҒМЕНТАЕВ ҒАЛЫМЖАН СЕРІКБАЙҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Алматы ЖТ бөлімшесі» директорының (АСУ жөніндегі) орынбасары (14 қаңтар)
ӘМІРХАНОВ ӘДІЛХАН ӘШІМХАНҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Шымкент ЖТ бөлімшесі» директорының (АСУ жөніндегі) орынбасары (14 қаңтар)
ДӨРКЕНБАЕВ ТӨНІРБЕРГЕН САДЫҚҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Шаруашылық басқармасы» директорының орынбасары (14 қаңтар)
ҚОЖАЕВ ҚУАНЫШ ШӘКЕНҰЛЫ – «Қазақстан теміржолшысы» газетінің Семей облысындағы меншікті тілшісі (14 қаңтар)
ӘБДЕНОВ СЕРІК САҚБАЛДЫҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының HR және корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары (15 қаңтар)
БИМАХИМОВА РАУШАН СЕМБЕКҚЫЗЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» директоры (15 қаңтар)
ДҮСЕКЕЕВ АЛМАТ ТАЙМАСҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Алматы ЖТ бөлімшесі» директорының бірінші орынбасары (15 қаңтар)
МЕНДІБАЕВ ҒАНИ МАҚСҰТҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Шымкент ЖТ бөлімшесі» директорының (Түркістан аймағы бойынша) орынбасары (15 қаңтар)
ЕРУБАЕВА АРДАҚ САТТАРҚЫЗЫ – «Қазақстан теміржолшысы» газетінің Ақтөбе облысындағы меншікті тілшісі (16 қаңтар)
ӘБДІКОВ ОМАР ТӨЛЕНТАЙҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Қостанай ЖТ бөлімшесі» Қостанай локомотив пайдалану депосының бастығы (17 қаңтар)
БЕКТИЯРОВА ИРИНА ФАРИТОВНА – «Қазақстан теміржолшысы» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі (17 қаңтар)
ИСКАКОВ ҒАНИ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы (18 қаңтар)
ӘЛЖАНОВ РУСЛАН ЖҮНІСҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Жолды диагностикалау орталығы» директорының орынбасары (18 қаңтар)

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ



ЗАСЛУЖЕННАЯ НАГРАДА

Медаль «Еңбек ардагері» от Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК получил Почетный железнодорожник, заслуженный пенсионер Тобольской дистанции пути Костанайского отделения магистральной сети Мунайтбас Кашкимбаев.

Своей трудовой путь на железной дороге Мунайтбас Кашкимбаев начал в 1968 году монтером пути Тобольской дистанции пути Казахской железной дороги. Затем с 1972-го по 2012 год работал бригадиром пути, дорожным мастером, старшим дорожным мастером, начальником и директором Тобольской дистанции пути, которую возглавлял, начиная с 1986 года. Всего же ветеран отдал железной дороге 44 года.

– За это время зарекомендовал себя грамотным руководителем, – говорит председатель Костанайского регионального Совета ветеранов железнодорожников Виктор Бурцев, вручивший медаль «Еңбек ардагері» ветерану. – Под его руководством Тобольская дистанция добивалась больших производственных показателей. Мунайтбас Кашкимбаев принимал активное участие в строительстве железнодорожной ветки Алтынсарин – Хромтау.

За добросовестное отношение к работе, профессионализм в 2002 году ему присвоено звание «Үздік басшы», в этом же году вручен знак «Қозғалыс қауіпсіздік үшін». А в 2003-м он награжден знаком «Почетный железнодорожник». В канун 2020 года руководством АО «НК «ҚТЖ» отмечено заслуги ветерана еще одной наградой – медалью «Еңбек ардагері».

– Это очень волнительный момент для меня, – признается Почетный железнодорожник. – Компания стала для меня второй семьей. Хочу поблагодарить коллег за награду и пожелать им успехов в их важном труде.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

СЕМИНАР

ЛАҒКЕСТІКТЕН САҚТАНДЫРДЫ

Темір жол стратегиялық маңызды нысан болғандықтан онда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қашан да басты назарда. Оның ішінде темір жол нысандарын теріс пиғылды адамдардың террорлық әрекеттерінен сақтау – аса маңызды шара.

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде өткен семинар-кездесуде осы мәселе жан-жақты талқыланып, террорлық әрекеттер қатаң сынға алынып, оның алдын алу, сақтану жолдары сөз болды. Ең алдымен вокзалдар, көпірлер мен жазанды құрылыстар, тағы басқа теміржол объектілері сынды стратегиялық нысандар қауіпсіздігі қалай болу керек, сала қызметкерлері нені ескеруге тиіс деген сұрақтар күн тәртібіне шығарылды.

Басқосуға Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директоры Н. Ғұбашов, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Арнайы қызмет басқармасы бастығы В. Подчасов, басқарма төрағасының көмекшісі Ғ. Түсіпбеков қатысып, сөз сөйледі, өз ойларымен бөлісті. Жыныға қатысқан жергілікті теміржол мекемелерінің өкілдеріне терроризмге қарсы іс-қимылдардың қажетті ақпары берілді.

«Баяндамашылар персонал және темір жол көлігі нысандарын терроризмге қарсы қорғау мәселесі, егер де террорлық жағдай бола қалған кезде темір жол қызметкерінің бірінші болып не істеуі керектігіне тоқталып, терроризмге қарсы «ҚТЖ» орталық аппаратының әдістемелік ұсыныстарын таныстырды. Сондай-ақ күн тәртібінде актуалды мәселелерді талқылаудан басқа, қатысушылардың сұрақтарына жауап берілді. Саладағы әрбір жұмысыдан басшылыққа дейін темір жолдағы терроризмге қарсы аса жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік шараларына мұқият көңіл аудару туралы сөз етті», – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде кадр бөлімінің басшысы Екпін Қожахметов.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау